

## **СУ КӨЛІГІ ИЕЛЕРІНІҢ АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

### **1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

- 1.1. Әрі қарай «Сақтандырушы» деп аталатын «АСКО» Сақтандыру компаниясы» Акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес және осы Ережелер негізінде әрі қарай «Сақтанушы» деп аталатын су көлігінің иелерімен су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру шартын құрады.
- 1.2. Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру арқылы су көлігін пайдалану нәтижесінде өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтірілген үшінші тұлғалардың мүлдітік мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету сақтандыру мақсаты болып табылады.
- 1.3. Су көлігін меншік құқығында немесе өзге де заттық құқықтарда пайдаланатын заңды және жеке тұлғалар Сақтанушылар бола алады. Су көлігінің меншік иелерімен еңбек қатынастарына байланысты су көлігін пайдаланатын адамдар Сақтанушылар бола алмайды.
- 1.4. Егер сақтандыру шарты заңды тұлғамен құрылса, онда сақтандыру қорғанысы Сақтанушының өкімі бойынша су көлігін пайдалануға қатысатын және сақтандыру шартында көрсетілген еңбек қатынастарында Сақтанушымен бірге тұрған тұлғаларға қолданылады. Егер сақтандыру шарты жеке тұлғамен құрылса, онда Сақтанушы сақтандыру шартында көрсеткен және аталған су көлігін заңды негіздерде пайдаланатын тұлғалардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігі сақтандырылған болып табылады.

### **2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ**

- 2.1. Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген су көлігін сақтандыру шартында көрсетілген пайдалану нәтижесінде жәбірленушілердің өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеу міндетіне байланысты Сақтанушының мүлдітік мүддесі сақтандыру объектісі болып табылады.

### **3. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ, ФРАНШИЗА, САҚТАНДЫРУ СЫЙАҚЫСЫ**

- 3.1. Сақтандыру сомасы – сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы.
- 3.2. Сақтандыру сомасы Сақтанушы мен Сақтандырушының келісімімен анықталады.
- 3.3. Осы Ережелерге сәйкес үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне залал келтіруге байланысты сақтандыру жағдайы бойынша шартсыз франшиза (Сақтандырушыны жауапкершіліктен босату) белгіленеді.  
Шартсыз франшиза кезінде франшизаның белгіленген сомасынан кем немесе оған тең залал өтелмейді, ал франшизаның белгіленген сомасынан артық залал франшизаның белгіленген сомасы мен залал сомасы арасындағы айырмашылық мөлшерінде өтеледі.
- 3.4. Сақтандыру сыйақысы деп сақтандыру шартында анықталған мөлшерде жәбірленушіге/пайда алушыға сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемелерін соңғы қабылдағаны үшін Сақтанушы Сақтандырушыға төлеуге міндетті ақша сомасы түсініледі.
- 3.5. Сақтандыру сыйақысының мөлшері сақтандыру сомасына байланысты белгіленеді және сақтандыру шартында көрсетіледі.

- 3.6. Сақтандыру сыйқасын төлеу біржолғы не Сақтандырушының банктік шотына ақша аудару жолымен бөліп төлеу арқылы не Сақтандырушының кассасына қолма қол ақша аудару арқылы жүргізіледі. Сақтандыру сыйақысы бөліп төленген жағдайда сақтандыру шартында белгіленген мерзімде кезекті сақтандыру жарнасын төлемегені үшін тұрақсыздық айыбы белгіленуі мүмкін.
- 3.7. Сақтанушының сақтандыру сыйақысын/бірінші сақтандыру жарнасын төлеу міндеті, егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе Тараптардың уәкілетті өкілдері сақтандыру шартына қол қойған күннен бастап туындайды.

#### **4. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ**

4.1. Сақтандыру жағдайының басталуымен Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүргізу міндетінен туындайтын сақтандыру шартында көзделетін оқиға сақтандыру жағдайы болып табылады.

Төмендегі залалдарды өтеу бойынша Сақтанушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу дерегі сақтандыру жағдайы деп танылады:

- жәбірленушілердің өміріне/денсаулығына және/немесе мүлкіне келтірілген;
- кеме болып табылмайтын қандай да бір жүзіп жүрген, қозғалмайтын немесе өзге де объектіге;
- кемелердің мұнаймен ластануынан келтірілген залал үшін;
- қауіпті және зиянды заттарды тасымалдауға байланысты;
- бункерлік отынмен ластанудан келтірілген залал үшін;
- басқа кемелермен соқтығысу кезінде.

4.2. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өтеу жөніндегі міндет Сақтанушыға көлік құралының иесі ретінде жүктелген су көлігін пайдалану нәтижесінде өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтірілген тұлғалар жәбірленушілер деп танылады. Осы Ережелерге сәйкес жәбірленушілер болып табылмайды (егер сақтандыру жағдайы басталған кезде олардың өміріне/денсаулығына және/немесе мүлкіне залал келтірілсе де):

- су көлігін басқарған тұлға және өзінің қызметтік міндеттерін орындаған және сақтандыру жағдайы басталған кезде су көлігінде болған Сақтанушының өзге де қызметкерлері;
- сақтандыру жағдайы басталған кезде жолаушылар болып табылатын және Сақтанушының су көлігінде болған тұлғалар;
- сақтандыру жағдайы басталған кезде мүлкі Сақтанушының су көлігінде болған тұлғалар.

#### **5. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН АЛЫП ТАСТАУ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ**

5.1. Жәбірленушілердің өміріне, денсаулығына және/немесе мүлкіне залал келтіруге әкеп соққан оқиға сақтандыру жағдайы болып табылмайды:

- 5.1.1. су көлігін құқыққа қарсы иеленген тұлғаның оны басқаруы кезінде;
- 5.1.2. ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті ластанудың әсері;
- 5.1.3. әскери әрекеттердің, маневрлердің немесе өзге де әскери іс-шаралардың, азаматтық соғыстың, кез келген түрдегі халықтық толқулар немесе көтерілістер салдарынан; уәкілетті органдардың өкімі бойынша су көлігін тәркілеу, алып қою, реквизициялау, тыйым салу немесе жою;
- 5.1.4. егер оқиға сақтандыру шартының аумағынан немесе қолданылу кезеңінен тыс болған болса немесе форс-мажорлық мән-жайлардың салдары болып табылса;
- 5.1.5. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес келтірілген зиян үшін су көлігі иесінің жауапкершілігін болдырмайтын мән-жайлар кезінде.

5.2. Егер сақтандыру жағдайы келесілердің салдарынан болса, сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды:

- 5.2.1. су кемесінің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында тыйым салынған немесе сақтандыру шартында көрсетілгеннен өзгеше мақсаттарда пайдаланылуы;

- 5.2.2. егер бұл апаттық жағдайларға немесе форс-мажорлық мән-жайларға байланысты болмаса, су кемесінің сақтандыру шартында көрсетілген географиялық шектерден тыс болуы;
- 5.2.3. су кемесінің порт шекараларында сүйреуден басқа, кез келген көлік түрімен тасымалдануы;
- 5.2.4. су кемесінің салмағы тым көп болуы және/немесе жолаушылардың жалпы саны осы кеме үшін жолушылардың максималды санынан асып түсуі немесе су кемесін тиеудің шекті нормалары немесе орталықтандыру ережелерінің бұзылуы;
- 5.2.5. күрделі немесе апаттық жөндеуден кейін су кемесін сынау.

## **6. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ**

- 6.1. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру шарты бір жылға құрылады.
- 6.2. Сақтандыру шарты, егер онда өзгеше көзделмесе, сақтандыру сыйақысы төленген күннен кейінгі күннен бастап күшіне енеді.
- 6.3. Сақтандыру шарты өзінің қолданысын сақтандыру шартының қолданылу мерзімінің соңғы күнінде тоқтатады.
- 6.4. Сақтандыру шартына енгізілген барлық өзгерістер мен толықтырулар оларды жазбаша рәсімдеген және Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған жағдайда заңды күшке ие болады.
- 6.5. Тараптардың келісімі бойынша сақтандыру шарты Тараптардың бірі бұл туралы сақтандыру шарты бұзылған және сақтандыру сыйақысын төлеген күнге дейін 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын хабарлаған кезде келесі мерзімге ұзартылуы мүмкін.
- 6.6. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, бүкіл Қазақстан Республикасының аумағы сақтандыру аумағы болып саналады.

## **7. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ҚҰРУ ТӘРТІБІ**

- 7.1. Сақтандыру шарты Тараптардың бір құжатты құруы арқылы жазбаша нысанда құрылады.
- 7.2. Сақтандыру шарты Сақтандырушы белгілеген нысандағы Сақтанушының жазбаша өтініші және Сақтанушының су көлігіне заттық құқығын растайтын құжаттар негізінде құрылады.

## **8. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

### **8.1. Сақтандырушы міндетті:**

- 8.1.1. Сақтанушыны сақтандыру шарттарымен таныстыруға;
- 8.1.2. сақтандыру төлемін сақтандыру шартында, осы сақтандыру Ережелерінде белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде жүзеге асыруға;
- 8.1.3. Сақтанушыға сақтандыру жағдайы басталған кезде шығындарды азайту үшін жұмсаған шығындарын өтеуге;
- 8.1.4. сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;
- 8.1.5. сақтандыру шарттарында, сақтандыру Ережелерінде және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді орындауға.

### **8.2. Сақтанушы міндетті:**

- 8.2.1. сақтандыру сыйақысын уақтылы және толық мөлшерде төлеуге;
- 8.2.2. сақтандыру шартын құру кезінде Сақтандырушыға сақтандыру мақсаттары үшін қажетті оны қызықтыратын барлық мәліметтерді хабарлауға;
- 8.2.3. Сақтандырушының өкіліне бүлінген мүлікті тексеруге және зерттеуге, сақтандыру жағдайының басталуының шығын мөлшерлерін, себептері мен өзге де мән-жайларын анықтауға көмектесуге;
- 8.2.4. егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ келтірілген залалды дәлелдеу ауыртпалығын көтеруге, оның ішінде сараптама жүргізу, оқиға орнына сарапшылардың баруы, мамандарды тарту және кеңестер беру, қажетті құжаттарды жинау және т.б. бойынша шығындарды көтеруге;
- 8.2.5. сақтандыру шартын құру кезінде және оның қолданылу кезеңінде Сақтандырушыға осы сақтандыру объектісіне қатысты ұқсас тәуекелдер бойынша қолданыстағы/құрылатын барлық сақтандыру шарттары туралы хабарлауға;

8.2.6. сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға талап ету құқығын Сақтандырушыға ауысуын қамтамасыз етуге;

8.2.7. сақтандыру шартында, сақтандыру Ережелерінде және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де әрекеттерді жасауға.

### **8.3. Сақтандырушы құқылы:**

8.3.1. Сақтанушыдан сақтандыру жағдайының басталу дерегін, оның туындау мән-жайларын анықтау үшін қажетті ақпаратты талап етуге;

8.3.2. оған ұсынылған ақпаратты және құжатты тексеруге;

8.3.3. сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның себептері мен мән-жайларын өздігінен анықтауға, оның ішінде құзыретті органдарға сұрау салулар жіберуге;

8.3.4. Сақтанушының келісімімен сотта іс жүргізуді өзіне қабылдауға;

8.3.5. заңда белгіленген тәртіппен Сақтанушыға қойылатын талаптардың мөлшерін даулауға;

8.3.6. сақтандыру шартында және Ережелерінде көзделген негіздемелер бойынша сақтандыру төлемін толық немесе жартылай жүзеге асырудан бас тартуға;

8.3.7. сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға;

8.3.8. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін басқа да әрекеттерді жасауға.

### **8.4. Сақтанушы құқылы:**

8.4.1. Сақтандырушыдан сақтандыру шартының қолданылу талаптары мен тәртібін түсіндіруді талап етуге;

8.4.2. Сақтандырушының сақтандыру талаптары мен шарттарын орындауын тексеруге;

8.4.3. сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға;

8.4.4. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін басқа да әрекеттерді жасауға.

## **9. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕГІ ТАРАПТАРДЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІ**

### **9.1. Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушы міндетті:**

9.1.1. сақтандыру жағдайының басталу себептерін, барысын және салдарларын анықтау үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға;

9.1.2. дереу, бірақ кез келген жағдайда 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей болған оқиға туралы Сақтандырушыға жазбаша нысанда хабарлауға;

9.1.3. Сақтандырушыға сақтандыру жағдайына байланысты оған қойылатын барлық талаптар туралы дереу хабарлауға;

9.1.4. залалдың алдын алу немесе азайту бойынша және адамдардың өмірін сақтау бойынша барлық мүмкін және орынды шараларды қабылдауға;

9.1.5. егер Сақтанушының талап қою талаптарын қанағаттандырудан бас тартуға немесе талап қою мөлшерін азайтуға негіздері мен мүмкіндігі болса, Сақтандырушыға бұл туралы хабарлауға және талап қою мөлшерінің алдын алу немесе азайту бойынша барлық қолжетімді шараларды қабылдауға;

9.1.6. Сақтанушыға қаншалықты қолжетімді болса, Сақтандырушының бүлінген мүлікті тексеруге қатысуын және келтірілген зиянның мөлшерін белгілеуді қамтамасыз етуге;

9.1.7. сақтандыру жағдайлары бойынша залалды өтеу туралы негізделген талаптар қойылған жағдайда Сақтандырушыға сот және соттан тыс қорғауда барлық мүмкін болатын көмек көрсетуге;

9.1.8. Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының себептері, барысы және салдарлары туралы, келтірілген залалдың сипаты мен мөлшерлері туралы болжауға мүмкіндік беретін оған қолжетімді барлық ақпарат пен құжаттаманы ұсынуға;

9.1.9. Егер Сақтандырушы сақтандыру жағдайының басталуына байланысты Сақтандырушының да, Сақтанушының да мүдделерін қорғау үшін өз өкілін тағайындауды қажет деп таныған жағдайда – мұндай мүдделерді қорғау үшін аталған Сақтандырушының тұлғаларына сенімхат немесе өзге де қажетті құжаттарды беруге. Сақтандырушы Сақтанушының мүдделерін сотта білдіруге немесе сақтандыру жағдайының басталуына

байланысты Сақтанушының құқықтық қорғалуын өзгеше түрде жүзеге асыруға құқылы, бірақ міндетті емес;

9.1.10. Өтемақы төлемеуге, сақтандыру жағдайының басталуына байланысты оған қойылатын талаптарды жартылай немесе толығымен мойындамауға, сондай-ақ Сақтандырушының келісімінсіз мұндай талаптарды реттеу бойынша қандай да бір тікелей немесе жанама міндеттемелерді өзіне қабылдамауға.

9.2. Сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламаны алғаннан кейін **Сақтандырушы міндетті:**

9.2.1. қажет болған жағдайларда залалдардың себептерін, көлемін және мүліктің құнын анықтау үшін мамандарды (сарапшыларды) шақыртуға;

9.2.2. сақтандыру төлемін сақтандыру Ережелерінде көзделген тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асыруға.

## **10. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛУЫН ЖӘНЕ ШЫҒЫНДАР МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕГІ**

Сақтанушы/Жәбірленуші ұсынатын келесі құжаттар сақтандыру жағдайын тану және сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін негіз болып табылады:

- 10.1. Сақтандырушы белгілеген нысан бойынша өтініш;
- 10.2. қайтыс болу туралы медициналық қорытынды;
- 10.3. қайтыс болу туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 10.4. мұрагерлік құқығы туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 10.5. кәмелеттік жасқа толмағандар үшін олардың өкілінің заң немесе сенімхат бойынша сақтандыру төлемін алғаны туралы қорғаншылық және қамқоршылық органының/жергілікті атқарушы органының келісімінің түпнұсқасы;
- 10.6. МӘС анықтамасы/ МӘС-да мүгедектікті/еңбекке қабілеттілігінен тұрақты айырылуды белгілеу туралы куәландыру актісінен үзінді көшірме;
- 10.7. стационарлық науқастың медициналық картасынан үзінді көшірме;
- 10.8. еңбекке жарамсыздық парағы;
- 10.9. фискалды чек;
- 10.10. тауарлық чек, шот-фактура, әрбір медициналық препараттың атауы, дәрігерлердің процедуралары, олардың саны мен құны көрсетілген төлем туралы түбіртек;
- 10.11. емдеуші дәрігерді медициналық препараттардың қабылдауға, процедуралардан өтуге, шоттары қойылған дәрігерлерді қабылдауға тағайындау;
- 10.12. Жәбірленушінің/Пайда алушының мүлікке иелік ету/пайдалану/билік ету құқығын растайтын құжаттар;
- 10.13. бүлінген мүлікті тексеру актісі немесе сараптама (бағалау) актісі немесе залалдың немесе зиянның мөлшерін өзге де құжатталған растау.

## **11. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІ. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНЕН БАС ТАРТУ**

- 11.1. Сақтандыру төлемі Жәбірленушілердің өміріне/денсаулығына келтірілген зиян үшін франшизаны шегергенде сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде жүзеге асырылады.
- 11.2. Жәбірленушінің қайтыс болғаны үшін сақтандыру төлемінің сомасы мүгедектікті белгілегені үшін не сол сақтандыру жағдайының салдары болып табылатын еңбекке қабілеттігін уақытша жоғалтқаны үшін жүргізілген сақтандыру төлемінің сомасына азаяды. Жәбірленушінің мүгедектігін белгілеу үшін сақтандыру төлемінің сомасы сол сақтандыру жағдайының салдары болып табылатын еңбекке қабілеттігін уақытша жоғалтқаны үшін жүргізілген сақтандыру төлемінің сомасына азаяды.
- 11.3. Жәбірленушінің мүлкіне келтірілген залал үшін сақтандыру төлемі нақты залал мөлшерінде, бірақ сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасынан аспайтын мөлшерде жүзеге асырылады.
- 11.4. Залал мөлшерін Сақтандырушы не тиісті лицензиясы бар сарапшы анықтайды.
- 11.5. Егер мүлік толық жойылған болса (Сақтандырушы не тиісті лицензиясы бар тәуелсіз сарапшы қалпына келтіру жөндеу жұмыстарының орынсыздығы анықталатын мүлікті жою;

сондай-ақ қалпына келтіру жөндеу жұмыстарының құны сақтандыру жағдайы басталған күні мүліктің нақты құнының 60%-нан астамын құрайды), Сақтандырушының Сақтанушыға төлеуге құқығы бар:

- 11.5.1. одан әрі пайдалануға жарамды қалдықтардың құнын шегергенде сақтандыру жағдайы басталған кездегі бүлінген мүліктің нақты құнын;
- 11.5.2. Сақтанушы Сақтандырушыға одан әрі пайдалануға жарамды қалдықтарды берген жағдайда сақтандыру жағдайы басталған кездегі бүлінген мүліктің нақты құны. Меншік құқығын және/немесе мүлікті/жарамды қалдықтарды беруге байланысты барлық шығындар сақтандырумен жабылмайды.
- 11.6. Жәбірленушінің мүлкіне залал келтірілген кезде сақтандыру төлемін Сақтандырушы сақтандыру төлемінің сомасы шегінде заттай нысандағы залалды өтеумен алмастыра алады.
- 11.7. Егер жазбаша келісіммен және Сақтандырушымен келісілген мөлшерде келтірілген залалды Сақтанушы өзі өтесе, онда сақтандыру төлемі Жәбірленушінің Сақтанушыға шағымдардан тиісті үлгіде рәсімделген бас тартуы ұсынылған және сақтандыру жағдайының басталғанын және залал мөлшерін растайтын осы Ережелерде көрсетілген құжаттар берілген жағдайда Сақтанушыға жүзеге асырылады.
- 11.8. Егер залал бірнеше тұлғаларға келтірілсе және залалдың жалпы мөлшері сақтандыру сомасынан асатын болса, онда сақтандыру төлемі оған келтірілген залал мөлшерінің барлық Жәбірленуші тұлғаларға келтірілген залалдың жалпы мөлшеріне қатысты пропорционалды жүзеге асырылады. Бірінші кезекте Жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемі жүзеге асырылады.
- 11.9. Сақтандыру шартының талаптарын, осы Ережелерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының ережелерін сақтамау Сақтанушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына әкеп соғады. Сақтандырушыны Сақтанушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату Сақтандырушыны Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бір мезгілде босатады.
- 11.10. Егер сақтандыру жағдайы келесілердің салдарынан болса, Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру төлемінен толық немесе жартылай бас тартуға құқылы:
  - 11.10.1. қажетті қорғаныс немесе аса қажеттілік жағдайында жасалған әрекеттерді қоспағанда, сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның туындауына ықпал ететін Сақтанушының, Сақтандырылушының және (немесе) Пайда алушының қасақана әрекеттері;
  - 11.10.2. заңнамалық актілерде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайына себептік байланыстағы қасақана қылмыстар немесе қасақана әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған Сақтанушыны, Сақтандырылушының және (немесе) Пайда алушының әрекеттері.
- 11.11. Егер сақтандыру жағдайы келесілердің салдарынан болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады:
  - 11.11.1. ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті ластанудың әсерлері;
  - 11.11.2. әскери іс-қимылдар;
  - 11.11.3. азаматтық соғыс, әртүрлі халықтық толқулар, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер.
- 11.12. Сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды:
  - 11.12.1. егер сот Сақтанушының сақтандыру тәуекелінің дәрежесін анықтау үшін елеулі маңызы бар міндеттемелер туралы дұрыс емес және сенімсіз мәліметтерді әдейі хабарлағанын анықтаса;
  - 11.12.2. Сақтанушы залалды келтіргені үшін кінәлі тұлғаның тиісті өтемін алған жағдайда;
  - 11.12.3. егер Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын зерттеуге және залал мөлшерін белгілеуге кедергі келтірсе;
  - 11.12.4. Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламау;
  - 11.12.5. Сақтанушы залалды келтіргені үшін кінәлі тұлғаға немесе оған қойылатын талаптардың іске асырылуын қамтамасыз ететін құқықтарға қатысты талаптардан бас тартқан кезде, сондай-ақ Сақтанушы Сақтандырушыға регрессиялық талап қою үшін – ол регрессиялық талап қою тәртібімен зиян келтірушіден өндіріп ала алатын сомаға қажетті құжаттарды беруден бас тартқан кезде;
  - 11.12.6. егер Сақтанушы осы Ережелерде не сақтандыру шартында белгіленген мерзімді бұза отырып, сақтандыру жағдайының басталғаны туралы жазбаша өтініш берсе.

- 11.13.Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешімді қабылдауға және сақтандыру төлемін жүзеге асыруға немесе сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту туралы шешімді қабылдауға және осы Ережелер мен сақтандыру шартының талаптарына сәйкес барлық қажетті құжаттарды алған күннен бастап 15 (он бес) банктік күн ішінде Сақтанушы мен жәбірленушіге жазбаша дәлелді хабарлама жіберуге міндетті.
- 11.14.Сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін Сақтандырушы жүзеге асырылған сақтандыру төлемінің мөлшеріне азайтылған сақтандыру сомасы шегінде жауапкершілікті жалғастырады.
- 11.15.Сақтандыру төлемін уақтылы жүзеге асырмағаны үшін Сақтандырушы Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 353-бабына сәйкес жауапты болады.
- 11.16.Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүргізуден бас тартуына Сақтанушы сотқа шағымдана алады.

## **12. САҚТАНУШЫНЫ НЕМЕСЕ САҚТАНДЫРЫЛУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ЖЕТІСПЕЙТІН ҚҰЖАТТАР ТУРАЛЫ ХАБАРДАР ЕТУ МЕРЗІМІ**

- 12.1.Сақтандырушы Сақтанушы (Пайда алушы) не олардың өкілі сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті барлық құжаттарды ұсынбаған жағдайларда олар сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы жазбаша өтініш алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей жетіспейтін құжаттар туралы хабарлауға міндетті.

## **13. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ**

- 13.1.Шарты келесі жағдайларда тоқтатылады:
- 13.1.1. оның қолданылу мерзімі өткенде;
- 13.1.2. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен заңды тұлға болып табылатын Сақтанушының немесе Сақтандырушының таратылуы;
- 13.1.3. Сақтанушыны тасымалдауды жүзеге асыру құқығынан айыру;
- 13.1.4. соттың сақтандыру шартын жарамсыз деп тану туралы шешім қабылдауы;
- 13.1.5. Сақтандырушының сақтандыру төлемін сақтандыру сомасының толық мөлшерінде жүзеге асыруы;
- 13.1.6. сақтандыру сыйақысын бөліп төлеу кезінде кезекті сақтандыру жарнасын төлемеу. Бұл ретте төленген сақтандыру жарналары қайтарылмайды.
- 13.2. Шарт Сақтанушының немесе Сақтандырушының талабы бойынша, сондай-ақ Тараптардың келісімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.
- 13.3.Шартты мерзімінен бұрын тоқтату ниеті туралы Тараптар сақтандыру шартын бұзудың болжамды күніне дейін кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын бір-біріне хабарлауға міндетті.
- 13.4.Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 841-б. 1-т. көзделген шарттар бойынша, Сақтанушының немесе Сақтандырушының талабы бойынша осы Шарт мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде Сақтандырушы Сақтанушыға Шарттың қолданылу мерзімі аяқталмаған кезеңі үшін өзі төлеген сақтандыру сыйақыларын істі жүргізуге жұмсалған шығындарды шегере отырып, сақтандыру сыйақысының жалпы сомасының 30% мөлшерінде, сондай-ақ осы Шарт бойынша осы сақтандыру объектісіне қатысты жүргізілген сақтандыру төлемдерін шегере отырып, қайтарады.
- 13.5. Егер осы Ережелердің 13.4-т. көрсетілген мән-жайларға байланысты болмаса, Сақтанушының талабы бойынша осы Шарт мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйақылары қайтарылуға жатпайды.

## **14. СУБРОГАЦИЯ**

- 14.1. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушыға төленген сома шегінде Сақтанушының келтірілген залалға жауапты тұлғаға талап ету құқығы ауысады. Сақтанушы Сақтандырушыға залалды өтеуді талап ету құқығын жүзеге асыру үшін қажетті барлық қолда бар құжаттарды беруге міндетті.

14.2. Егер Сақтанушы Сақтандырушы өтеген залалдарға жауапты тұлғаға талап ету құқығынан бас тартса немесе Сақтанушының кінәсінен бұл құқықты жүзеге асыру мүмкін болмаса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан толық немесе тиісті бөлігінде босатылады және артық төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.

### 15. ФОРС - МАЖОР

- 15.1. Сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған Тарап, егер тиісті орындау еңсерілмейтін күштің, яғни осы жағдайлар кезінде төтенше және алдын алуға болмайтын мән-жайлардың салдарынан мүмкін болмағанын дәлелдесе, мүліктік жауапкершілікте болмайды.
- 15.2. Форс-мажорлық мән-жайларға мыналар жатады, бірақ олармен шектелмейді: су тасқыны, өрт, жер сілкісінісі және басқа да табиғи апаттар, кез келген сипаттағы соғыстар немесе әскери іс-қимылдар, қоршаулар, мемлекеттік органдардың тыйымдары.
- 15.3. Форс-мажорлық мән-жайлардың әсерін сезінетін Тарап осындай мән-жайлардың басталғаны туралы екінші Тарапқа 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабарлауға міндетті.
- 15.4. Форс-мажорлық мән-жайлардың қолданылуы құзыретті органдардың тиісті құжаттарымен расталуы тиіс.

### 16. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

- 16.1. Сақтандыру шарты бойынша Сақтандырушы мен Сақтанушы арасындағы барлық даулар келіссөздер арқылы шешіледі.
- 16.2. Келісімге келмеген кезде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен қаралады.

#### КЕЛІСІЛДІ:

\_\_\_\_\_ М.Н. Юрас  
\_\_\_\_\_ Ю.А. Миндубаев  
\_\_\_\_\_ С.Ю. Силищева  
\_\_\_\_\_ Н.Е. Чернова  
\_\_\_\_\_ И.В. Югай